

**А.Пушкин атындағы №20 мектеп-лицейі бойынша қамқоршылық
кеңесі хаттамасы
Хаттама №1**

11.10.2020ж

Қатысқандар : Қамқоршылық кеңесінің 9-мүшесі
Мектеп басшысы: Кожухметова Г.У.
Әлеуметтік педагог :Жұмабай А.
ТЖО- Джумагалиева О.А.

Күн тәртібінде:

- 1.Қамқоршылық кеңесінің 2020-2021 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.
- 2.Әлеуметтік осал топтағы отбасылар мен балаларының әлеуметтік жағдайы туралы.

Тыңдалды:ТЖО Орынай Джумагалиева қамқоршылық кеңестің мақсаты мен міндеті туралы таныстырып өтті.) қамқоршылық кеңестің мақсаты:білім беру ұйымына қолдау көрсету,қаржылық қолдауды қамсыздандыруда ,материалдық –техникалық базасының нығайуына септесу,сондай-ақ ,оның қызметіне қоғамдық бақылау жүргізу екенін айтты .Қамқоршылық кеңесі жұмысының бағыттарымен функцияларымен де таныстырып өтті.Қамқоршылық кеңесінің бағыттары:білім беру ,әлеуметтік-мәдени ,сауықтыру ,дамыту бағыттарындағы іс –шараларға көмек көрсету.Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз қамтылған отбасыларынан шыққан оқушылардың тұрмыс жағдайларымен мен жұмыспен қамтылуын жақсарту.Білім беру ұйымдарының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстарды енгізу мен білім беру ұйымы басшылығының қамқорлық кеңесі алдындағы есебін тыңдап қабылдау керектігі туралы айтты.

Тыңдалды:Әлеуметтік педагог Аэлита Жұмабай шығып сөйлеп,жалпы ата-аналар жиналысында қамқоршылық кеңесінің өткен оқу жылындағы қамқорлық шаралары мен бірлескен жұмыстары туралы айтты.

Сөйлеушілер:Нуримов Әбдірахман (қамқоршылық кеңесінің төрағасы)Қамқоршылық кеңесі құрамы мектептен үнемі тығыз байланыс жасайтын,жауапкершілігі бар болуы керек екендігі айтылды.

Жеке кәсіпкерлердің мектеппен байланыс жасап тұруы керектігін айтты, Мектеп басшысы Кожухметова Г.У. кеңес құрамының жұмысын бастауына сәттілік тілей отырып ,осы мүшелердің мектеппен үнемі тығыз байланыста болуына,спонсрлардың мектептің материалдық базасының нығайуына өз үлестерінін қосатынына сенім білдірді.

Шешім :

- 1.Қамқоршылық кеңесінің 2020-2021 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
- 2.Қамқоршылық кеңестің жұмысын одан әрі жандандыру,қайырымдылық жұмыстарын жүргізу алға қойылсын .

3.Мектептің материалдық базасының нығаюына үлес қосу,оның қызметіне бақылау жүргізу қамқорлық кеңесінің мүшелеріне жүктелсін .

Төраға:
Хатшы:

Нуримов Әбдірахман
Битегенова Ж.

А.Пушкин атындағы №20 мектеп-лицейі бойынша қамқоршылық кеңесі хаттамасы

Хаттама №3

21.01.21ж

Қатысқандар:қамқоршылық кеңесінің 9 мүшесі.

Мектеп басшысы : Кожаметова Г.У.

Тәрбие жөніндегі орынбасар :Джумагалиева О.А.

Әл.педагог: Нұрлықан А.

Күн тәртібінде :

1.Қамқоршылық кеңесінің жұмысының жылдық есебі.

2.Жыл бойы жасалған жұмыстарды сараптау,ұсыныс ,пікірлер айту .

Тыңдалды :

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Нуримов Ә. 16.09.20 ж мектепшілік ата-аналар жиналысында қамқоршылық кеңесінің мүшелері сайланды.Қамқоршылық кеңесінің құрамына осы 9 адам тағайындалған болатын.Құрамына жеке кәсіпкерлер, мектеп инспекторы ,ата-аналар комитетінің төрағасы кірді.11.10.2019 жылы қамқоршылық кеңесінің бірінші отырысы болып, кеңес мүшелері шешімімен ,онда кеңестің төрайымына өзім тағайындалған болатынмын.Осы отырыста қамқоршылық кеңесінің мақсаты мен міндеттері туралы танысып ,жылдық жоспар жасақталып,бекітіліп кеңес өз жұмысын одан ары жалғастырған болатын.

22.12.20 жылы қамқоршылық кеңестің 2-ші отырысы болып өтті.Отырыста

23.11.20 ж ұйымдастырылған мектепшілік «Жақсылық жерде қалмайды» атты қайырымдылық акциялары өткізіліп , жәрмеңке ұйымдастып,барлығы мұғалімдер тарапынан 40 мың теңгедей ақшалай көмек көрсетті.Қамқоршылық кеңесінің шешімімен әлеуметтік осал топтағы отбасылы балаларына таратылды. Мұғалімдер тарапынан рамазан айында отбасыларға көмек көрсету мақсатында акция ұйымдастырылған болатын, жыл бойына бірнеше балаға көмек көрсетілгенімен мектепте аз қамтылған отбасы балаларының көптігіне байланысты келесі оқу жылында кәсіпкерлерді көптеп тартуға ұсыныс білдірді.Қамқоршылық кеңес мүшелерінің бір- бірімен тығыз байланыста болып,әлі де әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасыларға одан әрі көмек көрсету керектігін айтты.

Шешім:

1.Қамқоршылық кеңестің жыл бойына атқарылған жұмысы қанағаттанарлық деп бағалансын .

2.Келесі оқу жылында әлеуметтік көмекке мұқтаж,аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсету мақсатында кәсіпкерлерді тарту

Төраға: Нуримов Әбдірахман

Хатшы: Битегенова Ж

**А.Пушкин атындағы №20 мектеп-лицейі бойынша қамқоршылық
кеңесінің № 5 хаттамасы
Атырау қаласы 16.10.2021 жыл**

Қатысқандар:қамқоршылық кеңесінің 9 мүшесі. Мектеп басшысы : Кожаметова Г.У. Тәрбие жөніндегі орынбасар :Джумагалиева О.А. Әл.педагог: Нұрлықан А.

Күн тәртібі :

- 1.Жаңа оқу жылының ұйымдастырылуы
- 2.Мектептегі санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы
- 3.Күзгі каникул кезіндегі оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша: мектеп басшысы Г.У. Кожаметова оқу жылының ұйымдастырылуы жөнінде таныстырып өтті.Оқушылардың сабаққа қатысымы,оқу үлгерімі жөнінде айтты. І тоқсан бойынша мұғалімдер мен оқушылардың онлайн байқауға қатысып жүзделі орындармен марапатталып жатырғанына тоқталды.Мектептегі санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы жөнінде айтып өтті..Үзіліс кезінде кабинеттер тазартылып,кварц қосылады..Мектепке келген бөгде адам болсада температурасы өлшеніп кіреді.Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары О.Джумагалиева оқушылардың күзгі каникул кезінде бос уақыттарын ұйымдастыру бойынша айтып өтті. Жоспар негізінде бекітілген мұғалімдер уақытылы іс шараларды өткізіп ақпарат беріліп отырылады.Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында өткізілген шаралар мектебіміздің әлеуметтік желісіне салынып отыр.

Сөйлеушілер:1.Қамқоршылық кеңес мүшесі Г.Бисенова сөз алды.Біз үнемі мектеппен байланыс жасап отырамыз.Мектептегі өткізіліп жатқан шараларға оқушылар белсене ат салысады.Ата-аналармен түсінік жұмыстары жүргізіліп,сынып жетекшілері үнемі байланыста.Балалардың себепсіз сабақ қалдырмауын, бос уақытын тиімді пайдалану жолдарын қарастыру, ата-аналар тарапынан бақылау, қадағалау жүргізу керек. Мектепте оқып жатқан өзімінің балаларымды үнемі қадағалап отырамын

Шешім:

- 1.Мектептегі санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы қатаң қадағалансын.
- 2.Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру,оқушылар іс шараларға толық қатыстырылсын.

**Төраға:
Хатшы :**

**Нуримов Ә.
Битегенова Ж.**

**А.Пушкин атындағы №20 мектеп-лицейі бойынша қамқоршылық
кеңесінің № 6 хаттамасы
Атырау қаласы 13.12.2021 жыл**

Қатысқандар:

Мектеп әкімшілігі: 3

Қамқоршылық кеңес мүшелері: 7

Күн тәртібі:

1. 2021- 2022 оқу жылына құрылған Қамқоршылық кеңес құрамын қайта сайлау
2. Қамқоршылық кеңес жұмысының ережелері мен міндеттерін таныстыру
3. 2022 жылға арналған Қамқоршылық кеңес жұмыс жоспарын талқылау

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры Г.У.Кожаметова Қамқоршылық кеңесін құру мен құрамын сайлау ережесіне сәйкес 2022 жылға арналған кеңес құрамы мүшелерінің өтініші негізінде құрылып отырған кеңес құрамымен таныстырды. ДТЖО Ж.Сапарова Қамқоршылық кеңестің ережелері мен міндеттері туралы түсіндіріп өтті. Жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспары жобасымен таныстырды.

Сөйлеушілер: Ситалиева Д. Кеңес мүшесі. Бұрын да ата-аналар комитеті құрамында жұмыс жасап келдім. Сондықтан Қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру, алып жүру қиындық келтірмейді. Бірлесе жұмыстансақ, нәтижелі болатыны сөзсіз. Бастысы, балалардың қауіпсіздігі мен амандығы. Қай кезде де қолдау көрсетуге тырысамыз. Жұмыс жоспарымен толықтай келісеміз. Келесі отырыста жалпы ата-ана комитетімен бірлескен түрде жиналыс өткізсек деген ұсыныс айтамын.

Шешім:

1. 2021- 2022 оқу жылына құрылған Қамқоршылық кеңес құрамы бекітілсін:
 1. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Тулемисов Самат Тулемисович – ата – ана;
 2. Кабулова Аян Абзаловна – ата – ана; мүшесі;
 3. Сейталиев Динагүл Абиевна – ата – ана; мүшесі; нотариус;
 4. Везавер Екатерина Алексеевна – ата – ана; мүшесі; «SANA» қорының директоры;
 5. Бариева Ирина Павловна – ата – ана; мүшесі;
 6. Ақтаева Айзат – ата – ана; мүшесі;
 7. Иманкулов Алтынбек – ата – ана; мүшесі;
 8. Ділмагамбетов Нұртас – ата – ана; мүшесі;
 9. Утеулиева Гүлмира – ата – ана; мүшесі;
2. Қамқоршылық кеңес жоспары бекітілсін

**Төраға:
Хатшы:**

**Тулемисов С
Хамзина Б.**

А.Пушкин атындағы №20 мектеп-лицейі

Бұйрық №96

11 желтоқсан 2021 жыл

Атырау қаласы

«Қамқоршылық кеңес құру туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы және Облыстық білім басқармасының 2017 жылғы 21.08.№764 бұйрығы негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1.1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағида» негізінде А.Пушкин атындағы №20 мектеп-лицейінде «Қамқоршылық кеңес» құрылсын

1.2. Қамқоршылық кеңестің мақсаты мектепке қолдау көрсету. Оның жарғылық функцияларының іске асырылуына, қаржылық қолдауды қамтамасыздандыруда, материалдық-техникалық базасының нығаюына септесу және оның қызметіне қоғамдық бақылау жүргізу мақсатында ережеге сәйкес жазбаша келісіммен қамқоршылық кеңес төмендегідей құрамда бекітілсін.

1. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Тулемисов Самат Тулемисович – ата – ана;
2. Кабулова Аян Абзаловна – ата – ана; мүшесі;
3. Сейталиев Динагүл Абиевна – ата – ана; мүшесі; нотариус;
4. Везавер Екатерина Алексеевна – ата – ана; мүшесі; «SANA» қорының директоры;
5. Бариева Ирина Павловна – ата – ана; мүшесі;
6. Ақтаева Айзат – ата – ана; мүшесі;
7. Иманкулов Алтынбек – ата – ана; мүшесі;
8. Ділмагамбетов Нұртас – ата – ана; мүшесі;
9. Утеулиева Гүлмира – ата – ана; мүшесі;

Мектеп – лицей директоры:

Г.У.Кожаметова



Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 29 тамызда № 15584 болып тіркелді.

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 22 қазандағы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4995 болып тіркелген, 2007 жылғы 30 қарашадағы № 184 (1387) "Юридическая газета" газетінде жарияланған) № 501 бұйрығы;

2) "Қамқоршылық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 22 қазандағы № 501 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14751 болып тіркелген, 2017 жылғы 9 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкісінде жарияланған) № 715 бұйрығы.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті (Е.Ерсайынов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің

эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі Б.А. Асыловаға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі*

Е. Сағадиев

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрі
_____ А.Мырзахметов

2017 ж. 23 шілде

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
_____ Б.Сұлтанов

2017 ж. 7 тамыз

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрі
_____ А. Мұхамедиұлы

2017 ж. 28 шілде

**Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны
сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес әзірленді және білім беру ұйымындарында Қамқоршылық кеңесінің (бұдан әрі - Қамқоршылық кеңес) жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 02.04.2018 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қамқоршылық кеңес Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери, арнаулы, медициналық және фармацевтикалық оқу орындарына, мемлекеттік емес білім беру ұйымдарына, сондай-ақ акционерлік қоғам нысанында құрылған мемлекеттік коммерциялық емес білім беру ұйымдарын қоспағанда білім беру ұйымдарында құрылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 02.04.2018 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке және/немесе заңды тұлғалармен өзара әрекет жасайды.

4. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз өкілеттігін орындауы өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

2-тарау. Қамқоршылық кеңесті сайлау тәртібі және құрамы

5. Тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органы өзінің интернет қорында және/немесе әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымында Қамқоршылық кеңестің құрылатындығы және оның құрамы бойынша ұсыныстардың қабылданатындығы туралы хабарландыру қазақ және орыс тілдерінде орналастырады.

Ұсыныстарды қабылдау хабарландыру жарияланған күнінен кейін он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 02.04.2018 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Қамқоршылық кеңестің құрамы Қамқоршылық кеңеске мүше болуға үміткерлердің жазбаша келісімімен алынған ұсыныстардың негізінде қалыптастырылады және тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган ұсыныстарды қабылдау аяқталғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде бекітеді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 02.04.2018 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Қамқоршылық кеңестің құрамына мыналар кіреді:

- 1) жергілікті өкілдік, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері;
- 2) жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің өкілдері;
- 3) коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері (бар болса);
- 4) ата-аналар комитеті ұсынған әрбір параллель сыныптан, курстан сол білім беру ұйымында білім алушылардың бір ата-анасы немесе заңды өкілі;
- 5) қайырымдылық жасаушылар (бар болса).

Білім беру ұйымының жанынан құрылған Қамқоршылық кеңес отырысына осы білім беру ұйымының басшысы немесе оның орынбасары қатысады.

Қамқоршылық кеңес құрамына "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген адамдар кіргізілмейді.

8. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны тақ, бір-бірімен және сол білім беру ұйымының басшысымен ешқандай туыстық және жекжаттық қатынасы жоқ кемінде тоғыз адамнан құрылады. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды. Қамқоршылық кеңес мүшелері сол білім беру ұйымы қызметкерлерінің штатына кірмейді.

Тірек мектептерінде (ресурс орталығы) құрылған Қамқоршылық кеңес өкілеттігі оған бекітілген шағын жинақты мектептерге де таратылады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 02.04.2018 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Мемлекеттік органдардың өкілдері болып табылатын Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны үш адамнан аспайды.

10. Қамқоршылық кеңестің отырысында ашық дауыс беру жолымен дауыстар басымдылығымен сайланатын (қайта сайланатын) оның төрағасы Қамқоршылық кеңестің басшысы болып табылады.

Мемлекеттік органдардың өкілдері Қамқоршылық кеңестің төрағасы болып сайланбайды және оның міндеттерін жүзеге асырмайды.

11. Қамқоршылық кеңестің төрағасы болмаған жағдайда Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша оның қызметін Қамқоршылық кеңес құрамына кіретін мемлекеттік органдардың өкілдерінен басқа Қамқоршылық кеңес мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

12. Төраға Қамқоршылық кеңестің атынан әрекет етеді және осы Қағидаларға сәйкес оның қызметін қамтамасыз етеді.

13. Қамқоршылық кеңестің хатшысы білім беру ұйымдары қызметкерлері арасынан тағайындалады және ол Қамқоршылық кеңестің мүшесі болып табылмайды.

Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңестің дайындығын, өткізілуін, материалдар мен отырыс хаттамасының рәсімделуін қамтамасыз етеді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 02.04.2018 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3 - тарау. Қамқоршылық кеңестің өкілеттігі

14. Білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесі:

1) білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілердің құқықтарының сақталуына, сонымен қатар білім беру мекемелерінің шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалыуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады;

2) білім беру ұйымының жарғысына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлейді;

3) білім беру ұйымын дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдарды әзірлейді;

4) қазақстандық азаматтардың отбасына жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселелері жөнінде шалаларды жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлейді;

5) қайырымдылық көмек түрінде білім беру ұйымдарына түскен қаржыны бөлуге қатысады және оның мақсатты жұмсалыуы туралы шешім қабылдайды;

6) білім беру ұйымының бюджетін қалыптастыру барысында ұсыныстарды әзірлейді;

7) тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органына Қамқоршылық кеңестің білім беру ұйымының жұмысында анықтаған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізеді;

8) орта білім беру ұйымдары басшысының лауазымына үміткерлермен әңгімелесу қорытындысы бойынша хаттамалық шешім шығарады және келіседі;

9) білім беру ұйымы басшысының білім беру ұйымының қызметі туралы, оның ішінде білім беру қызметін ұсыну сапасы, қайырымдылық көмектің жұмсалыуы және қазақстандық азаматтардың отбасыларына жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселесі жөнінде шараларды қабылдау туралы есебін тыңдайды;

10) білім беру ұйымы қызметінің мәселелері бойынша конференцияларға, кеңестерге, семинарларға қатысады;

11) білім беру ұйымының қызметімен, білім беру ұйымындағы білім алушыларға және тәрбиеленушілерге жасалған жағдайлармен танысады, білім беру ұйымының психологын қатыстыра отырып, олармен әңгімелеседі.

Білім беру ұйымдарының (құрылымдық бөлімшесі) қызметкерлері Қамқоршылық кеңестің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпараттарды ұсынуға ықпал етеді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 08.02.2018 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4 - тарау. Қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру тәртібі

15. Қамқоршылық кеңестің отырысын оның төрағасы өз бастамашылығымен, Қамқоршылық кеңес мүшесінің жалпы санының үштен екісінің бастамасымен шақырады.

16. Қамқоршылық кеңестің отырысын шақыру туралы хабарламаға Қамқоршылық кеңес төрағасының қолы қойылып, хабарлама отырыс өткізілетін күнге дейін жеті жұмыс

күнінен кешіктірілмей қажетті материалдармен бірге Қамқоршылық кеңестің мүшелеріне және Қамқоршылық кеңес қызмет ететін білім беру ұйымына жолданады.

Хабарламада отырыстың өткізілу күні, уақыты және орны жазылады.

Хабарламаға баяндамашы көрсетілген отырыстың күн тәртібі, күн тәртібіне қосуға себептерді көздейтін анықтамалық материалдар, Қамқоршылық кеңестің мүшелеріне ұсынылатын отырысқа қажетті құжаттар қоса беріледі.

17. Хабарламаны алған Қамқоршылық кеңестің мүшесі Қамқоршылық кеңестің отырысы өткізілетін күнге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей өзінің Қамқоршылық кеңестің отырысына қатысатындығын немесе қатыспайтындығын Қамқоршылық кеңес хатшысына хабарлайды.

18. Қамқоршылық кеңестің төрағасы отырысты шақыру туралы ұсыныс түскен күнінен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей Қамқоршылық кеңестің отырысын шақырады.

19. Қамқоршылық кеңестің отырысы қажеттілігіне қарай, тоқсанына бір реттен сиретпей өткізіледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің аумақтық департаменттерінің өкілдері оның отырыстарына дауыс беру құқығынсыз байқаушы ретінде қатысуға жіберіледі.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 02.04.2018 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Қамқоршылық кеңестің отырысы, егер қамқоршылық кеңестің барлық мүшелері отырыстың өткізілу уақыты мен орны туралы хабардар болса және оған мүшелерінің кемінде жалпы санының үштен екісі қатысса заңды болып табылады. Қамқоршылық кеңес мүшесінің өз дауысын Қамқоршылық кеңестің басқа мүшесіне немесе адамға сенімхат бойынша беруге жол берілмейді.

21. Білім беру ұйымы Қамқоршылық кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа оны беру құқығынсыз ие.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 02.04.2018 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Қамқоршылық кеңестің шешімі ашық дауыс беру арқылы оған қатысқан мүшелердің дауыстар басымдылығымен қабылданады. Дауыстар тепе-тең түскен жағдайда Қамқоршылық кеңестің төрағасы, ал ол болмаған жағдайда Қамқоршылық кеңес төрағасының міндеттерін атқаратын тұлға дауыс берген шешім қабылданады.

23. Қамқоршылық кеңестің шешімі отырысқа қатысқан Қамқоршылық кеңестің барлық мүшесі қол қойылған хаттамамен ресімделеді.

24. Хаттама Қамқоршылық кеңестің отырысы өткізілгеннен кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органына жолданады.

25. Тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органы өзінің интернет-ресурсында Қамқоршылық кеңестің қабылдаған шешімдері туралы ақпаратты орналастырады.

26. Білім беру ұйымына қайырымдылық көмек ерікті түрде өтеусіз негізде көрсетіледі және осы Қағидаларда көзделген тәртіппен Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша жұмсалады.

27. Білім беру ұйымының қайырымдылық көмектен аударылатын кез келген түсімдері:

1) мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысаны түрінде құрылған білім беру ұйымдары үшін - Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшеде ашылған қайырымдылық көмектің қолма-қол ақшасын бақылау шотына;

2) басқа ұйымдық-құқықтық нысаны түрінде құрылған білім беру ұйымдары үшін – екінші деңгейлі банкте ашылған шотына аударылады.

28. Қайырымдылық көмектерден түсетін түсімдер:

1) білім беру ұйымындағы білім алушыларға және тәрбиеленушілерге әлеуметтік қолдау көрсетуге;

2) беру ұйымының материалдық-техникалық базасын жетілдіруге;

3) спортты дамытуға, дарынды балаларды қолдауға;

4) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс білім беру процесін ұйымдастыруға шығыстарды жүзеге асыруға.

29. Білім беру ұйымы жыл сайын қаржылық жылдың қорытындысы бойынша сол білім беру ұйымының интернет-ресурсында, тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органының өзінің интернет-ресурсында тиісті есепті орналастыру арқылы қайырымдылық көмек қаражатының пайдаланылуы және қозғалысы туралы жұртшылыққа ақпарат береді.

5 - тарау. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату

30. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату:

1) тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органдардың бастамасы бойынша;

2) білім беру ұйымын таратуға және қайта ұйымдастыруға байланысты жүзеге асырылады.

31. Қамқоршылық кеңестің мүшесі:

1) өз бастамасы бойынша;

2) отырыстарда себепсіз қатарынан үш рет болмауы себепті Қамқоршылық кеңестің құрамынан шығарылады.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 02.04.2018 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.